«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Имангазина Меруерт Ануаровнаның «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

<table>
<tr><th>р/н №</th><th>Өлшемшарттар</th><th>Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)</th><th>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)</th></tr>
<tr><td rowspan="4">1.</td><td rowspan="4">Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</td><td>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</td><td>«Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған.</td></tr>
<tr><td>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</td><td rowspan="3">1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);
2) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы;
3) «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» да бұл диссертацияның зерттеу өзектілігін айқындай түседі. «Қазақстан Республикасында ғылымды және жоғары білімді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).</td></tr>
<tr><td>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</td></tr>
<tr><td>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</td></tr>
</table>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертанттың коммуникация кезінде бейвербалды құралдардың функциясы жоғары екендігін көрсетіп, тілдесімнің бір түрі деп тануы, сондай-ақ көркем мәтіндегі кейіпкерлер портретін жасауда, олардың эмоционалды-экспрессивті рөлін айқындауы, соған сәйкес аудармадағы бейвербалды амалдардың лингвистикалық шеттетулерге түсуі ұлттық тілдің бояуының солғындауына алып келетінін талдап көрсетуі, вербалданған бейвербалды амалдарды паралингвизмдер қатарына қосуы ғылымдағы жаңалығы болып танылады. - зерттеу жұмысында «паралингвизм» термині жаңа мәнде жұмсалып, алғаш рет бейвербалды амалдардың көркем мәтіндегі вербалды үлгілерін атайтын ұғым ретінде қолданылатындығы ғылыми жаңалық ретінде ашылған; - зерттеу жұмысында туыс емес тілдердегі бейвербалды құралдардың вербалды үлгілері салғастырмалы аспектіде зерттеліп «транслатема» ретінде қарастыруы ғылыми жаңалық ретінде танылады; - қазақ қатысым мәдениетіндегі тілдесімнің көмекші құралдарының ұлттық ерекшелігі мен бірегейлігі, бейвербалды құралдарға жасырылған ұлттық аялық білім паралингвизмдерді орыс тіліне аудару процесін күрделендіретіні тілдік материал арқылы дәлелденген; - шығармадағы паралингвизмдерді ағылшын тіліне орыс тілі арқылы аудару салдарынан екіншілік аударма мәтінде көлемді лакуналар пайда болып, қазақ тілінің бейвербалды амалдарының қызметіне кері әсерін тигізгенін тілдік деректер арқылы дәлелдеген;

			- паралингвизмдердің аудармалары «симметрия» және «ассиметрия» бинарлы оппозициясы арқылы талданып, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың аударма сапасына әсер ететінін анықтаған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі (9-10 беттерде).
«»»»» »»»»»"4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (5-6-беттер). Зерттеудің өзектілігі қазақ коммуникациясының вербалды түрімен қатар бейвербалды түрлерін де зерттеу қажеттігінен, оның да халықтың брендтік паралингвизмдері екендігін дәлелдеуден туған. Қазіргі жаһандану мен төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында ұлттық тілді, ділді және бірегейлікті сақтау — әлемдік деңгейдегі стратегиялық мәселе екендігімен өзекті; әр халықтың төл әдебиеті мен аудармасы оның сан ғасырлық дүниетанымын, рухани және материалдық мәдениетін аударма арқылы таныту өзектілігімен; М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ халқының этнопсихологиясы мен коммуникативтік мінез-құлқын танытатын шығармадағы семантикалық және танымдық жүк арқалайтын паралингвизмдердің (мимика, жест, дауыс ырғағы т.б.) өзіндік мәдени моделі мен

			қатысымдық жүйесін алғаш рет зерттеудің өзектілігімен; шығарманың дәнекер тіл орыс тілі арқылы шет тілдеріне аударылу кезіндегі мәдени-тілдік ерекшеліктердің, мағыналық дәлдіктің түпнұсқадан алшақтауын, ұлттық мәдениеттің бояуын солғындататындығын айқындау өзектілігімен; орыс тіліндегі аудармаларды түпнұсқамен салғастыра отырып, паралингвистикалық бірліктердің берілу сапасын анықтаудың өзектілігімен; бұған дейін қазақ тілтанымында бейвербалды амалдарды бірнеше тіл материалы негізінде, бірақ аударма ерекшеліктері тұрғысынан қарастыру қолға алынбауының өзектілігімен; паралингвистика саласындағы жаңа ғылыми көзқарастарды зерттеу және бағалау жұмыстарын жүйелеу, теориялық әрі практикалық құндылығын арттыру, ұлттық коммуникацияның жаңа қырларын ашу өзектілігімен сипатталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбының мәнін толық ашады және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10-беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны қазақ бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармадағы ерекшеліктерін ашып көрсетуге бағытталған. Алғашқы бөлімінде коммуникацияның бейвербалды амалдарының ғылыми теориясын лингвистикалық тұрғыдан, паралингвистикалық зерттеулер мен шешімдерін, олардың классификациялануын қарастырған. Екінші тарауда коммуникацияның

			бейвербалды амалдарының көркем мәтіндегі репрезентациясы және қызметі паралингвистикалық құралдардың көркем мәтінде вербалдану тәсілдерін, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың лингвопрагматикасын, сонымен қатар ең көп қолданылатын «қарау» етістігінің бейвербалды амалдардың түрлерімен берілуін, соған сәйкес вербалдануын көрсеткен. Үшінші тарауында «Абай жолы» романындағы паралингвизмдерді аударудың тілдік аспектісі романның аудармалары мен аудармашының құзыреттілігін қарастырған. Сонымен қатар романның орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшынтілді аудармасындағы паралингвизмдердің сапалық деңгейін, аударылу тәсілдерін зерттеген. Сатылай аудармадағы түпнұсқадан айырмашылықтарды симметрия мен ассимметрия тұрғысынан қиындық деп таныған. Мәдени коммуникациядағы когнитивті танымның өзгеріп кету қаупі туралы ізденістер ғылыми деректермен дәйектелген. Осылайша диссертация тақырыбы мен мазмұны арасындағы байланыстың бар екендігі анықталады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысына лайықты мақсат қойылған. Соған сай «Абай жолы» романының түпнұсқасындағы паралингвизмдердің вербалдану ерекшеліктеріне және олардың орыс тіліне аударылу сапасы, аударылу тәсілдері мен қиындықтарына талдау жасау арқылы қазақ халқына тән бейвербалды құралдардың танымдық, коммуникативтік және этикеттік ерекшеліктерін анықтауды, сондай-ақ «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліндегі

			аудармаларындағы қазақ ым-ишараларының мәдени-тілдік құндылығының сақталу деңгейін бағамдаған. Осыған сәйкес зерттеудің ғылыми болжамын жасаған. Әлемдік және отандық филологиялық зерттеулердің мақсатын саралап, «Абай жолы» романындғы бейвербалды амалдарды қазақ тіліндегі түпнұсқасы арқылы, орыс тіліндегі аудармасындағы мәні мен орыс тілі арқылы аударылған ағылшын тіліндегі нұсқасындағы бейвербалды амалдармен салыстырыла зерттеген. - паралингвистиканың ғылыми аппаратына қатысты пікір қайшылықтарын көрсетіп, көркем мәтіндегі паралингвизмдерді сұрыптау критерийлерін теориялық тұрғыдан толық негіздеген; - бейвербалды амалдар арқылы көрінетін танымдық, мәдени ұғымдардың аударылуындағы ұлттық сипаттың сақталу деңгейін анықтаған; - халық санасы мен қатысым мәдениетінің тілдегі көрінісі саналатын бейвербалды амалдардың вербалдану тәсілдерін роман-эпопея материалы негізінде анықтаған; - шығарманың ағылшын тіліне орыс тілі арқылы жасалған екіншілік аудармасының лингво-мәдени құндылығын сараптаған; - бейвербалды құралдардың орыс тіліндегі аудармаларын талдай отырып, параэлементтердің әр халыққа тән қолданылу ерекшелігін, аудармаға кері әсерін тигізетін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды көрсеткен. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық

			қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлім үш тараушадан тұрады. Олар өзара логикалық тұрғыдан байланысқан. Коммуникацияның бейвербалды амалдарының зерттелуі және ғылыми аппараты қарастырылып, нәтижесінде бейвербалды арналар вербалды коммуникацияға дейін пайда болғандығы, ақпарат беру мүмкіндігіне ие болып, бірқатар прагматикалық функцияны атқарып тілдесімге эмоциялық реңк беретіндігі айтылған. Дегенмен, бүгінге дейін ым тілінің танымдық, лингвистикалық жақтары, теориясы, соған сәйкес практикалық қырлары толық ашылмаған ілімге жататындығын сөз еткен. Екінші тарау паралингвизмдердің ең көп көрініс табатын ортасы – көркем әдебиет екендігін, сонымен қатар ең керемет көріністері «Абай жолы» романында берілгендерін ескере отырып, роман-эпопеядағы бейвербалды амалдарды жинақтап, олардың вербалдануын, мәтін ішіндегі рөлін, прагматикасын, өзге тілдерге аудырылу кезіндегі когнитивтік сипатының берілуі мен қабылдануын қарастырған. Үшінші тарау екінші тараудың жалғасы ретінде «Абай жолы» романының аудармасындағы бейвербалды амалдардың берілу жолдарына, мәтіндегі прагматикасының сапасына, қиындықтар мен ерекшеліктеріне арналады. Осылайша диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, теориялық бірізділік сақталған.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Имангазина Меруерт Ануаровна ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар, әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдаулар жасалған. «Аударма процесі тіларалық шығармашылық түрі болғандықтан, бір тілден екінші тілге аудару кезінде бірқатар кедергілер туындайды. *Паралингвизмдерді аударудағы негізгі қиындық – мәдениетаралық ассиметрия*» (202-бетте) деген пікірі өзіндік тұжырымын байқатады. Бұған қоса, бейвербалды «*құралдары автор қаламы арқылы көркем мәтін кеңістігінде вербалданатын – маңызды лексикалық қабат*» (200-бетте) деген өзіндік сыни талдаулары диссертанттың зерттеудегі жеке көзқарастарын білдіреді. Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар қазақ тіл білімінің коммуникация теориясына, аударматану, көркем мәтін, паралингвистика теориясын одан әрі байыта түседі.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияда сапалық зерттеулер жасалған. 2000-нан аса жинақталған паралингвизмдердің ұлттық тілдегі мағынасы мен аудармадағы мағыналары салыстырылып, зерттелген. Сонымен бірге аудармада көрініс таппаған бейвербалды амалдардың ұлттық колоритті бере алмай қалғанын да өзіндік пікірлерімен дәлелдеп көрсетеді. «паралингвизмдер номинативтік сипатта емес, динамикалы сипатта болатындықтан, әрекетті, процесті білдіретіндіктен оларды транслитерациялау арқылы аудару мүмкін емес және паралингвизмдер әр микромәтінде автордың прагматикасына сай әртүрлі мақсатта жұмсалады. Паралингвизмдерді сәтті аудару үшін аудармашы сол халықтың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын жақсы білуі қажет» (199-бетте) деп, дәлелдемелер арқылы негіздеген.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Паралингвистиканың коммуникацияның бейвербалды амалдарын және олардың вербалды үлгілерін зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыты екендігі, ал бейвербалды семиотиканың коммуникацияның бейвербалды амалдарымен қатар басқа да қосымша ақпарат беретін семиотикалық таңбалар мен графикалық көріністерді назарға алатын ауқымды макросала екендігі дәлелденген; көркем мәтіндегі паралингвизмдер – вербалды хабарды толықтырып, нақтылайтын, ұлттық қатысым мәдениетінің бейвербалды құралдарын тілде бейнелейтін, мәтіндегі танымдық контексті құрайтын, автордың индивидуалды дүниетанымынан, оқиғаға арқау болып отырған халықтың мәдени, әлеуметтік құндылықтар жүйесінен хабар беретін лексика-фразеологиялық құрылымдар екендігі дәлелденген; түпнұсқа мәтіндегі паралингвизмдердің мәдени, этикеттік және коммуникативтік сипатының аудармада толыққанды сақталмауы және жеткізілмеуі шығарманың мазмұндық, образдық-идеялық және прагматикалық тұтастығының бұзылуына әсер ететіндігі дәлелденген; шығармадағы паралингвистикалық құралдарды аударуда нақтылау, функциялық аударма, сөз қосу және сөзбе-сөз аударма тәсілдері біршама ұтымды болса, мағынаны жалпылау және лакуна құбылысы салдарынан паралингвизмдердің контекстегі мәні бұрмаланып, мәдени мәні солғындайтындығы көрсетілген; «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармасындағы бейвербалды амалдардың сәтсіз аударылуына лингвистикалық (лексикалық, грамматикалық және этномәдени ассиметрия) және
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	экстралингвистикалық факторлар (аудармашының тілдік құзыреттілігінің төмендігі, аудармашының өзге халықтардың мәдениетін игеру құзыреттілігінің төмендігі, жолма-жол аударманы пайдалануы себеп болғандығы дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың тарауларында нақты сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанасына қатысты ғылыми тұжырымдарды *жинақтау, жүйелеу, жіктеу әдістері;* бейвербалды амалдардың мағыналарын ашу үшін *сипаттамалы-семантикалық әдіс;* бейвербалды амалдардың вербалдау тәсілдерін анықтау үшін *семантикалық-құрылымдық, компоненттік әдістер;* параэлементтердің қатысым барысындағы рөлі *коммуникативтік талдау;* бейвербалды амалдардың қазақ халқына тән лингвомәдени ерекшелігін анықтауда орыс тіліндегі баламалары назарға алынып, *салғастырмалы талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, интерпретация әдістері;* паралингвизмдердің вербалды формаларына қатысты статистикаларды жасауда *математикалық лингвистика әдістері;* қарым-қатынастағы параамалдардың ұлттық және әмбебаптық ерекшілігін нақтылау үшін *салғастырмалы әдіс, этнолингвистикалық, бақылау әдістері* қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация нәтижелері бойынша талдау жасалған, кестеге түсірілген. Қазақ коммуникациясындағы бейвербалды құралдардың жиілігін, вербалдануын, қолданыс аясындағы сандық-сапалық сипаттарын анықтау кезінде *контент-талдау компьютерлік технологияны* қолдану арқылы орындалған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	«Абай жолы» романындағы коммуникация кезінде қолданылған бейвербалды амалдардың вербалдануы мен олардың беретін мәнін статистикалық әдіс арқылы жинақтап, талдап, көпдеңгейлі эмпирикалық зерттеуді жүргізген. Қазақ тіліндегі түпнұсқасындағы вербалдануы мен орыс тіліндегі аудармасындағы вербалдануды, сонымен қатар ағылшын тіліндегі аудармасын орыс тілімен салғастырып, сапалық зерттеуге айналдырған. Сондай-ақ қазақ тілінде бейвербалды амалдардың – паралингвизмдердің көптігін ұлттың образды сөйлеуінен екенін, ал образдылық терең танымнан туындайтынын айта келіп, «Орыс тілінде бес түрлі эмоцияны бейнелеуде бір ғана сөз қолданылса, қазақ тілінде бес түрлі лексема қолданылған, яғни екі халықтың өң өзгерісін тілде вербалдауы әр басқа» (177-бетте) деп қорытындылайды. Қорытындыны кестелер арқылы, қазақ дүниетанымын модельдеу арқылы көрсетеді. Шығармадағы бейвербалды амалдардың коммуникативтік, этикеттік ерекшеліктері қазақ халқының танымы мен болмысын сатылы аудармада толық бере алмайтыны, аралас дүниетаным арқылы
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			берілетіндігі дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер **нақты** және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 224. Бейвербалды амалдар, паралингвистика, коммуникация, лингвопрагматика, аударматануға қатысты ұлттық ғылым өкілдері - паралингвистиканың теориялық мәселелерін қарастырған шетелдік зерттеушілер И.Н. Горелов, Г.В. Колшанский, Г.Е. Крейдлин, Е.С. Никитина, Т.М. Николаева, А.Пиз, R.L. Birdwhistell, E.T. Hall, A. Kendon еңбектері; - отандық бейвербалды коммуникация мамандары Б.Қ. Момынова, С.Б. Бейсембаева, А.Д. Сейсенова, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Мағжан, М.П. Ешимов, В.Д. Нарожная, Ш. Зекенова т.б. еңбектері; - паралингвизмдердің көркем мәтіндегі көрінісін зерттеген Е.Д. Боева, В.В. Ганина, И.А. Голованова, Е.А. Зуева, Ю.В. Иванова, О.В. Кобзева, Т.Л. Музычук, Н.В. Накашидзе, Я.В. Покровская, Е.А. Русина т.б. зерттеу жұмыстары; - аударма теориясын зерттеген Дж. Кэтфорд А. Федоров, Ньюмарк, В.Н. Комиссаров Ж. Мунэн, О. Каде, К. Райс, Я.И. Рецкер, В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ө. Айтбаев, А. Алдаш зерттеулері; - коммуникация теориясының мамандары Дж. Остин, Дж. Серль, В.В. Богданов, В.В. Красных, Г.Г. Почепцов, Н.И. Формановская, Ф.Ш. Оразбаева, З.К. Темиргазина, Д.А. Әлкебаева т.б. зерттеу жұмыстары; - тілдік бірліктердің мәдени аспектісі туралы Ю.Е. Прохоров, И.А. Стернин, В.А. Маслова, М.В.

			Пименова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, З. Ахметжанова, Ғ. Әнес т.б. еңбектері еңбектері негізге алынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста, отандық және шетелдік авторларды қоскқанда, 224 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лексикология, фразеология, әдеби тіл, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, сөзжасам, аударматану, көркем әдеби стиль т.б. тіл білімі салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына елеулі үлес қосады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу материалын аударматану саласында, лингвистиканың этнолингвистика, лингвомәдениеттану, транслингвистика, паралингвистика, коммуникация теориясын, лексикология, лексикография салаларын оқытатын курстарда қолдануға болады. Сонымен қатар қазақ тілінің ұлттық корпусын толықтыруға жоғары дәрежеде үлес қосады. 2000-нан аса жинақталған паралингвизмдерді пайдалана отырып, қазақша-орысша веб-сөздігін және қазақ тіліндегі паралингвизмдер сөздігін жасауға, «Абай жолы» романының паралингвизмдер сөздігін жасауға, қазақ қатысым моделін танытатын ЖИ-ға негізделген құралдарды жүзеге асыруға пайдалануға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертант зерттеуге қойылған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, бай

		1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	материалмен дәйектелген. Жұмыста «Абай жолы» романынан жинақталған 2000-нан аса паралингвизмдер талдауға түскен. Диссертанттың Абай жолы романында кездесетін паралингвизмдерді орыстілді және ағылшынтілді аудармашылардың әрекеттерін «бейвербалды амалдарды түсіріп тастау шығарманың эмоционалды-экспрессивті бояуын әлсіретеді» деп бағалауы – нақты сыни көзқарас. Ал «Бейвербалды элементтер мәтінді елестетуге мүмкіндік беретін «визуалды құрал» қызметін атқара алатын бірден бір тілдік бірліктер» екенін айтуы – нақты практикалық тұрғыдан дәл айтылған пікір. Сондықтан да диссертант зерттеу тақырыбына сәйкес нақты ұсыныстар келтіре білген деп танимыз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Академиялық жазылымға сәйкес мақсат-міндеттері, зерттеу әдістері дұрыс айқындалып, соған сәйкес ізденіс нәтижесі жүйелі жазылған. Міндеттерге сай тұжырымдар мен қорытындылар жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияның ресімделуі бойынша әр бөлімнің соңында қысқаша тұжырымдар жазылуы қажет еді. 2. Сонымен қатар паралингвизмдердің тізбесін қосымша ретінде бергені жөн болар еді. Жинақталып, талдау жасауға негіз болған тілдік деректер жұмыстың маңызын арттыра түсер еді. Бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің қазіргі мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді, болашақ

			зерттеулерін байытуға үлес қосады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысында төмендегідей мақалаларына сілтеме жасалған: 1. Imangazina M., Pimenova M., Develi H. Language representation of nonverbal means: peculiarities of verbalisation in the Kazakh and Russian languages. Tiltanym. 2024(2):111-124. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-111-124 2. Имангазина М.А., Момынова Б.Қ. Ұлттық мінез-құлықтың коммуникацияда бейвербалды амалдар арқылы көрінуі. Абылай хан Хабаршысы. Том 73 (2) 2024. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.006 3. М.А. Имангазина. Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №3 (2024). 41-52 бб. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.04 4. Имангазина М., Момынова Б. «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдардың аудармасы: ерекшеліктері мен кемшіліктері. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы, Филология сериясы, 2024, №1, 121-135 бб. https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp121-135 5. М.А. Имангазина. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №2 (147) 2024 97-107 бб. https://doi/org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107 Халықаралық конференция материалдары жинағында жарияланған мақалалар: 1. Имангазина М. Бейвербалды амалдар –

			коммуникацияның көмекші құралдары// «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ЖК «Асыл», 2022. – 268 бет. 254-258 бб. ISBN 978-601-269-159-7 2. Имангазина М. «Абай жолы» романындағы «күлу» бейвербалды амалының коммуникативтік ерекшелігі // «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоөзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы: 2023. – 515 бет. – 104-110 бб. ISBN 978-601-7293-98-7 3. Имангазина М. Бейвербалды коммуникацияны зерттеудің кезеңдік ерекшеліктері // Академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Жаһандану дәуіріндегі тіл ғылымы, филология және түркітанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық конгресс материалдары. – Алматы: 2025. 4. Имангазина М. Contradictions in the terminological apparatus of paralinguistics // Материалы международного форума «Русистика и тюркология: литературные традиции, культурный трансфер и перевод», посвященного 95-летию Бухарского государственного университета. – Бухара: 2025. – 651 с. – С. 285-290. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда оқылған баяндамалар: 1. Имангазина М.А. Невербальные элементы коммуникации в романе «Путь Абая» и особенности перевода // XXXXVI Международная научная конференция «Когнитивная лингвистика и лингвокультурология XXI в.» 26.06.2024 г. Бишкек,

			Кыргызстан. 2. Imangazina M. Nonverbal Communication and its Role in the Kazakh Culture // Applied Research International Conference on Multidisciplinary Studies & Education. 2024. Oxford, U.K.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Имангазина Меруерт Ануаровнаның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша дайындаған «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша) атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры м.а. филология ғылымдарының кандидаты **Ғ.Б. Шойбекова**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
HR қызметі
HR-службасы

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба